

ELEMENT

FOR THE

Жылдың басты жарысы



2017 жыл тек біздің еліміздің спорттық өміріндегі ғана емес, сонымен бірге, күллі әлемдегі студенттік қозғалыстың тарихындағы ерекше белесті кезең болғалы тұр. Осы жылғы 29 қаңтар мен 8 ақпан аралығында Алматыда XXVIII қысқы Универсиада өтеді. Алматы қысқы Универсиадасының бағдарламасына мәнерлеп сырғанау, шорт-трек, тау шаңғысы, сноуборд, биатлон, шаңғымен жарысу, шайбалы хоккей (әйелдер мен ерлер арасында), керлинг, шаңғымен трамплиннен секіру, шаңғы қоссайысы, конькимен жүгіру спорты, фристайл секілді 12 спорт түрі енген. Жарыстарға әлемнің 60-қа жуық елінен 2 мыңға жуық спортшы қатысады деп күтіліп отыр. Универсиада өткізілетін уақытта 3 мың, оның ішінде көптеген шетелдік еріктілер оған қызмет көрсетуге атсалысады. Студенттер арасындағы спорт ойындарына 30 мыңға жуық отандық және шетелдік турист келуге тиіс. Ондағы сайыстарды жаһанның 80 еліндегі 1 млрд адам теледидар арқылы тамашалайды. Универсиада – дүниежүзілік студенттік спорт ойындары. Ол – Халықаралық студенттер спорты федерациясының (FISU) ұйымдастыруымен студенттер арасында өтетін халықаралық жарыс. Бұл сайыстарда әлемнің әр еліндегі жоғары оқу орындарында оқитын 17 мен 28 жас аралығындағы студенттер, аспиранттар, докторанттар, сондай-ақ, соның алдында оқуды бітірген түлектер өнер көрсетеді. Универсиада 50 жылдан астам уақыт бойы Олимпиада ойындарынан кейінгі екінші ірі халықаралық жарыс болып саналып келеді. Оның іргетасы 1959 жылы Италияның Турин қаласында өткен жазғы Универсиада негізінде қаланды. Келесі, 1960 жылы Францияның Шамони қаласында қысқы ойындар да өзінің алғашқы арнасын тартты. Ойындар осы кезден бастап әрбір екі жыл сайын өтіп тұратын болып белгіленді. Жарыстың жазғы және қысқы түрлері 1980 жылға дейін әр жылдары бөлек-бөлек өтіп келді. Ал 1981 жылдан бастап олар бір жылдың ішінде өте бастады. Студенттік ойындардың бір кезегі кезінде Кеңес Одағында ойналды. Ол 1973 жылы Мәскеуде VII жазғы Ойындар сипатында кереге

керді. Ал Алматы ТМД елдері арасынан қысқы Универсиаданы бірінші болып өткізгелі отыр. Бұған дейін, 2013 жылы Ресейдің Қазан қаласында жазғы Универсиада өткізілген болатын. Бұдан кейін, 2019 жылы осы елдің Красноярск қаласында қысқы Универсиада да керуен кереді. Жалпы, студенттік ойындардың шежіресі бізді ХХ ғасырдың бас жағына, АҚШ-та бірінші мәрте студенттер арасында халықаралық жарыстардың іргесі қаланған 1905 жылға алып барады. 1919 жылы Жан Птижан есімді француз студенттер өмірінің жетекшісі алғаш рет Студенттер конфедерациясын құрды. 1923 жылы Парижде осы ұйымның шеңберінде Дүниежүзілік студенттер ойындары өткізілді. Ал 1924 жылы Халықаралық студенттер конфедерациясы атты жаңа құрылым пайда болды. Осы жылы Варшавада жеңіл атлетикадан студенттер арасында бірінші әлем чемпионаты ұйымдастырылды. 1927 жылы Римде өткен екінші әлем чемпионатының бағдарламасына жеңіл атлетикадан бөлек футбол, теннис, суда жүзу және семсерлесу қосылды. Ал қысқы ойындар бойынша әлем чемпионаты бірінші рет 1928 жылы Италияның Кортина д'Ампеццо қаласында өркен жайды. Бірақ бұл жарыстар Екінші дүниежүзілік соғыстың алдында, 1939 жылы соңғы рет өткізілді де, көпке дейін, тура 20 жылға дейін тоқтап қалды. Бұл қозғалыс 1947 жылы қайта қолға алынып, Халықаралық студенттер одағы (UIE) құрылды. Бірақ оның шеңберінде өткізілген жарыстарға Батыс елдерінің өкілдері мүлдем қатыспады десе де болады. Олар осы жылы бұрынғы Халықаралық студенттер конфедерациясы орнына келген Халықаралық студенттер спорты федерациясы (FISU) қамқорлығына алған сайыстарды ғана мойындады. Ақыры 1959 жылы UIE осы одақтың құрамына кірді. Содан бастап қазіргі сипатындағы Универсиадалар қатарға қосылды. Қазақстан студенттері тәуелсіз мемлекеттің өкілдері ретінде бұл жарыстарға 1993 жылдан қатысып келеді. Осы жылы біздің елімізде Студенттер спорты федерациясы құрылды. Сол жылы республика терме жамағаты бірінші рет халықаралық аренада жарыс жолына шықты. Ол поляктың Закопане қаласында өтті. Осы қысқы Универсиадада Қазақстан хоккейшілері финалға дейін барды. Сөйтіп, олар өздерінің бірінші жарысында-ақ күміс медальдың иегерлері атанды. Біздің жасақ жолай кездескен қарсыластарының бәрін жеңіп, ақтық сында Канада құрамасымен шайқасты. Содан бергі аралықта 12 рет қысқы Универсиада өтті. Қазақстан делегациясы солардың бәріне де қатысты. Біздің спортшыларымыз сол сайыстарда 32 медаль жеңіп алса, олардың 12-сі алтын, 7-і күміс және 13-і қола медаль болды. Соның ішінде ұлттық командамыз 2005 жылы Австрияның Инсбрук қаласында қанат жайған ойындарда алғаш рет табысты өнер көрсетті. Осы Универсиадада қазақстандықтар 4 алтын, 1 күміс және 2 қола медаль жеңіп алды. 2013 жылы италияның Трентино шаһарында көрік қыздырған Студенттер ойынынан да қоржынымыз толып қайтты. Мұнда қазақстандықтар 2 алтын, 2 күміс және 1 қола медальға қол жеткізді. Ал бұдан кейінгі Универсиаданың тарихта бірінші рет екі елде бөлініп өткізілгені белгілі. Осылайша 2015 жылы ол алдымен Словакияның Штрбске-Плесо және Осрблье елді мекендерінде мәрденен шықса, соңы испанның Гранада қонысында көмбеге жетті. Нәтижесінде,

біздің студент-спортшылар 5 алтын, 6 күміс медальдың иегерлері атанып, жалпы есепте Ресей және Оңтүстік Корея саңлақтарынан кейінгі үшінші орынға табан тіреді. Біздің спортшылар арасынан шаңғышы Анастасия Слонова нағыз ерліктің үлгісін көрсетті. Ол ойындарда 2 алтын, 2 күміс медаль алды. Алтын жүлдені бұдан басқа биатлоншы Алина Райкова, фристайлшылар Юлия Галышева мен Павел Колмаков әкелді. Жалпы, Қазақстан студент спортшылары осы жылдарда жазғы және қысқы Универсиадаға 700 өкіл болып барып, жиынтығында 125 медаль алып қайтты. Бұдан бірқатар мезгіл бұрын Мәдениет және спорт министрлігі мен Қазақстан Республикасы Студенттік спорт федерациясы Универсиадаға қатысуға үміткерлер тізімі жасалып біткенін жария еткен еді. Министр Арыстанбек Мұхамедиұлының мәлімдеуінше, қазіргі таңда аталмыш шараға 227 спортшы дайын тұр. Олардың 121-ін жігіттер, 106-сын қыздар құрайды. Бүгінде олармен жаттықтырушылар, дәрігерлер, массаж жасаушылар жұмыс жүргізуде. Ал тізімнің ортасында мәнерлеп сырғанаушы Денис Тен, фристайлшылар Юлия Галышева, Павел Колмаков, Жанбота Алдабергенова, конькишілер Роман Креч, Станислав Палкин, шорт-трекшілер Айдар Бекжанов, Абзал Әжіғалиев, Нұрберген Жұмағазиев және Денис Никиша секілді еліміздің белгілі спортшылары бар. Осы кездері бұлардың соңғылары – шорт-трекшілер шын мәнінде күллі әлемді дүрліктіріп, өздерінің аттарын жалпақ жұртқа жақсы қырларынан танытып жатыр. Біз мұның жарқын үлгісін соңғы сәттері Оңтүстік Кореяның Канныне қаласында мәреге жеткен Әлем кубогының төртінші кезеңінен де көрдік. Енді Универсиадада қалған спорт түрлерінің өкілдері де өздерін биіктен көрсететін шығар деген үміттеміз.